



Тарихпен бітісе қайнаған

Лисаковтағы елу құрметті азаматтың бірі Усманова Эмма Радиковна, академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университеті жанындағы Сарыарқа археологиялық институтының археологы, ғылыми қызметкері, жоғарғы Тобылдың Лисаков тарих және мәдениет мұражайының кураторы, «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайының ғылыми қызметкері.



Ия. осы айтылған атақ-даңқ пен зор еңбек Эмма Усмановаға тиесілі. Ол туралы жергілікті мұражай ФБ желісіндегі парақшасында жазады. 1986 жылдан бастап Лисаков аймағының қола дәуірінің археологиялық ескерткіштерін зерттейді.

Оның ғылыми қызығушылықтары: салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар. Еуразия даласындағы ежелгі тұрғындарының костюмі. Алтын Орда діни ғибадатханалары. 100-ден астам мақала мен алты монографияның авторы.

Өз қызметінде өткен мәдени мұраны сақтау мәселелеріне көп көңіл бөледі.

Ол шетелдік әріптестерімен бірлескен ғылыми жобаларда жұмыс істеді: University of Exeter, Great Britain (2006-2008); University of Arizona, USA (2007-2008). Қостанай облыстық Ме-

ценаттар клубының «Қазына» сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың еңбек сіңірген ғылыми қызметкері. Грант бағдарламасына қатысушы: Oxford Hospitality Scheme, Great Britain (2004); United Nations Institute for Training and Research (UNITAR), Hiroshima, Japan (2005); Agnese N. Haury Visiting Scholar at Laboratory of Tree-Ring Research, University of Arizona, USA (2008); Cultural Heritage Preservation, The Institute of International Education, USA (2009). Э. Р. Усманова - Ш. Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты (авторлар ұжымы құрамында) (2020 ж.), ғылым саласында қол жеткізген жетістіктері үшін «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған (14 желтоқсан 2020 ж.).